

6D010300-Педагогика және психология  
мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған Атабекова Бактыгүл Ботабековнаның «Әлеуметтік серіктестік  
негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту»  
тақырыбында жазылған диссертациясына рецензенттің

## ПІКІРІ

### **1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Бұгіндегі тәуелсіз еліміз - ұлттық білім берудің өзіндік жүйесі мен үлгісі және сапасын қамтамасыз ететін заманауи үдерістерді, технологияларды ескере отырып, болашактағы даму мүмкіндіктерін айқындауда. Қазақстанның егемен мемелекет ретінде, Лиссабон декларациясына қол қоюы мен Болон үдерісіне катысуы және т.б. әлемдік білім беру кеңістігіндегі өзіндік орнын көрсетеді. Бұл жағдай жоғары білім берудегі сапа мен технологиялық жетістіктерді анықтайтын мемлекетіміздің әлеуметтік-мәдени қызығушылықтары мен білімденудің жаһандық үдерістерін ескере отырып, жоғары білім беру жүйесін қарқынды дамытуды жолға коюда.

Осы орайда, жоғары педагогикалық оқу орыны түлектерінің тек кәсіби құзіреттіліктерді ғана игеріп қоймай, сонымен қатар бәсекеге қабілетті болуы, яғни бақталастық жағдайында менгерген теориялық білімдері мен білік, дағыларын жүзеге асыра алуға даяр болуы аса маңызды. Бұл міндетті шешудің бірегей жолының бірі – жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілердің яғни білім беру саласындағы әлеуметтік серіктес мекемелердің маман даярлауға катысты ортақ қызығушылықтарын тиімді жүзеге асыру болып табылады. Болашақ педагогтарды теория мен тәжірибелінің бірлігі арқылы даярлау қажеттілігін осылайша қамтамасыз ету мәселесіне арналған Атабекова Бактыгүл Ботабековнаның диссертациялық жұмысы қоғамның сұранысынан, заман талабынан туындаған дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деп есептеймін.

### **2 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі**

*Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген:*

1. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері айқындалған.
2. «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог», «әлеуметтік серіктестік», үғымдарының мәні ашылып, өзара қатынасы анықталған.
3. Әлеуметтік серіктестік негізінде маман даярлаудың шет елдік тәжірибесі талданған.
4. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған.
5. Болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуға негіз болатын еріктілерден құралған «Кемел» ресурстық

орталығының Ережесі, бағдарламасы дайындалып, тәжірибеден өткен, ЖОО оқытушылары үшін ғылыми - практикалық құрал мен ұсыныстар өзірленген.

Осы аталған нәтижелердің *иынайылығы, дәлелділігі мен негізділігі* докторанттың бәсекеге қабілеттілік, бәсекеге қабілетті педагог пен әлеуметтік серіктестік жайлы философтардың, психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің, экономика мен әлеуметтанушы ғалымдардың еңбектеріне, Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми материалдарына (Зандар мен бағдарламалар), Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарына (тұжырымдамалар, бағдарламаларға, стандарттарға, окулықтарға, оқу құралдары және т.б.), ғылыми-педагогикалық мерзімді басылымдарға жасаған талдауымен; білім саласындағы әлеуметтік серіктестіктің мүмкіндіктер ін пайдалануды көздең жасалған құрылымдық- мазмұндық модель мен әдістеменің жоғары педагогикалық оқу орнының тәжірибесіне ендірілуімен, кәсіби білім беруді еріктілерден құрылған Ресурстық орталық жұмысы арқылы тәжірибемен ұштастыру идеясының жүзеге асып, болашақ педагогтардың кіріктірілген сапасы ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін дамытудың нәтижелілігімен айқындалады.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық нәтижесі**

3.1. Докторант болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері болып табылатын философиялық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік теориялар жүйесіне дәйекті талдаулар жасаған. Соның нәтижесінде диссертацияда қарастырылып отырған бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытудың қазіргі заманғы білім берудің нысаналы бағдары болып табылатынын негіздеген. Осы айтылғандар, *біріншіден*, диссиденттің зерттеу проблемасының теориялық негізін жетік менгергенін айғақтаса, *екіншіден*, зерттеудің *бірінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді.

3.2 «Бәсеке», «бәсекеге қабілеттілік», «бәсекеге қабілетті педагог» ұғымдарының мәні мен өзара байланысын ажыратып, болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін – білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру мен нақты нәтижеге бағытталуда көрінетін, болашақ педагогтың кәсіби қызметке қызығушылығы, рухани адамгершілік қасиетін, инновациялық белсенділігін, кәсіби ұтқырлығы мен рефлексияға қабілеттілігін көрсететін даралық және тұлғалық сапаларының интеграциясы ретіндегі тұжырымдалған өзіндік анықтамасын беруі докторанттың кол жеткізген *екінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді.

3.3 *Үшінші нәтижесі де жаңа*, өйткені, докторант осы жұмыс аясында алғаш рет болашақ педагогтың табысты кәсіби әрекетке дайындығын камтамасыз ететін тұғырларды, ұстанымдарды, өзара байланысатын компоненттерді, көрсеткіштерді, құралдар мен әдіс формаларды ашып көрсететін әдіснамалық, теориялық, әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығынан түзілген әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.

3.4 Диссертант зерттеу мәселесін тиімді шешу мақсатында әлеуметтік серіктестік негізінде маман даярлаудың шет елдік тәжірибесіне терең де тыңғылықты талдау жасаған. Компоративті талдау барысында зерттеуші маман даярлауда білім беру мекемелері мен әлеуметтік серіктестердің бір мақсаттағы, ұйымдастырылған өзара әрекеттестігінің университет білімі, озық ғылыми жетістіктер мен кәсіпкерлік қынтымақтастық дәстүрі осы үдеріске қатысушылардың барлығы үшін жоғары нәтижелі деңгейге жетуге мүмкіндік беретіндігі туралы тұжырым жасаудың *төртінші нәтижеде де жаңалық* белгісі бар екендігін көрсетеді.

3.5 Бесінші нәтижеде ретінде танылыштырылған болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған еріктілерден құрылған «Кемел» ресурстық орталығының жасалған бағдарламаға сәйкес жұмысы ұтымды шыққан. Себебі, оны жүзеге асырудан қолданылған әдістер мен формалардың тәжірибелік-экспериментте тексерілуімен, қорытындысымен және зерттеушінің 6B010300-«Педагогика және психология» мамандығына маман даярлау саласына енгізген жаңалығымен сипатталады.

#### **4 Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы**

Докторант Бактыгүл Атабекованаң зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері ішкі бірлікпен, әрбір теориялық тұжырымдардың өзара байланыстырылғымен және олардың тәжірибелік-экспериментте тексерілуімен, қорытындысымен және зерттеушінің 6B010300-«Педагогика және психология» мамандығына маман даярлау саласына енгізген жаңалығымен сипатталады.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған бұл диссертацияның педагогика және психология ғылыми үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика ғылымының бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті проблемасын шешудің өзіндік тың жолын ұсынып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика және психология теориясында, болашақ мамандар даярлайтын жоғары оку орындарында, осы саладағы мамандардың біліктілігін арттыру институттарының тәжірибесінде пайдалануға болады.

#### **5 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтыруна растама**

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 12 (он екі) еңбекте жарияланған. Соның ішінде З мақала ҚР БжFM Білім және ғылым саласындағы бакылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2-еуі Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3-еуі халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 4-еуі алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда жарық көрген.

#### **6 Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Диссертацияның жалпы орындалуына он баға бере отырып, мына төмендегідей ескертпелерімізді сұрап түрінде қоямыз.

1. Диссертацияның 34-35бб. кестеде 2014 ж. дейінгі орыс ғалымдарының болашақ маманың бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуы мен дамуын қарастырған еңбектері көрсетілген. 2014 – 2020 жж. дейінгі кезенде бұл мәселе басқада ғалымдардың еңбектерінде, сонымен бірге қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылмаған ба?

2. 5 суретте болашақ педагогтың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың теориялық негіздерінің бірі ретінде өзін-өзі дамытуы жайлы теориялар деп көрсетілгенмен диссертацияда Қазақстанда 10 жылдан астам үздіксіз білім беру жүйесіне енген «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы туралы сөз етілмеуі неліктен?

3. Диссертацияның 2.1 тармағының «Білімдегі әлеуметтік серікtestіk феномені» деп алынуы мақаланың аталуы сияқты емес пе? Бұл жерде жұмыстың жалпы логикалық байланысына, біртұтастығына нұқсан келіп тұрған жоқ па?

4. Әлеуметтік серікtestіkтің ішкі және сыртқы мазмұнын анық көрсететін бір сурет болғанда, жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

5. Диссертацияның 89, 117 б т.б. беттерінде грамматикалық қателер ұшырасады.

Дегенмен бұл көрсетілген кемшіліктердің шешімі женіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің құнын төмендетпейді.

## 7 Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы корытынды

Сонымен, Атабекова Бактыгүл Ботабековнаның «Әлеуметтік серікtestіk негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300-«Педагогика және психология» мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.



Рецензент,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор

А.К. Рысбаева